

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 6 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимін қосыңыздар.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Күн тәртібі бекітілді.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Алғашқы екі заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан олар бойынша ортақ баяндама жасап, қаулыларға жеке-жеке дауыс беруді ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» негізгі Заң жобасы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы, қадірлі депутаттар! Аталған заң жобалары Мемлекет басшысы тапсырмасының шеңберінде әзірленген.

Жобада қолданыстағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң және «Ғылым туралы» Заңда қарастырылған нормалар біріктіріліп отыр. Сондай-ақ ғылымды дамыту бойынша жаңа тетіктер мен ғылыми саясат бойынша жаңа нормалар да ұсынылып отыр.

Біздің комитет бұл заң жобаларын алып, тиісті қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулыларға жеке-жеке дауыс беруге көшейік.

Бірінші кезекте «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дипломатиялық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы Президенттің 2022 жылғы 13 сәуірдегі Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан шығару жөніндегі шаралар туралы Жарлығын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Заң жобасының мақсаты қажетсіз егжей-тегжейлі нормаларды алып тастау, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою болып табылады.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Айгүл Сайфоллақызына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Нұрбаева Назира Нұртілеуқызына беріледі.

НҰРБАЕВА Н.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі күрделі геосаяси және геоэкономикалық жағдайларда шетелдік инвестицияларды тарту мәселесі әлемдік сахнада кез келген мемлекеттің экономикалық дамуы үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад әл-Танидің тұрақты байланыстары Қазақстан мен Қатар арасындағы өзара іс-қимылдың жоғары серпінін қамтамасыз етуде.

Елдер арасындағы экономикалық қатынастардың айтарлықтай нығаюын ескере отырып, екі елдің инвесторларын қорғау және қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім жасалды.

Аталған келісім экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандартты қағидалары, ЮНКТАД принциптері және Дүниежүзілік банктің ұсыныстары негізінде жасалды.

Келісім «қолшатыр» сипатқа ие екендігін және тараптардың аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде инвесторлардың халықаралық құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өту қажет.

Келісім инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде инвесторлардың құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету арқылы ынтымақтастықтың құқықтық негізін құруды көздейді. Сонымен қатар:

өтемақы төлеуді қамтамасыз ету арқылы экспроприациядан қорғауды;

халықаралық арбитражға қол жеткізуді;

инвестицияларға қатысты елдердің әділ және тең қатынасын қамтамасыз етеді.

Келісім инвестициялық ахуалды жақсартуға және елдер арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Келісім ратификацияланған жағдайда оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды және республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым баяндамашыға.

Назира Нұртілеуқызы, жұмыс тобында біз бұл мәселені талқыладық. Бұл келісімшарт, жалпы, бізге деген сенім, Қазақстан посткеңестік мемлекеттердің арасында инвестицияға ең жақын, тартымды мемлекет деп айтылды. Бұған дәлел Сингапурмен және Қатармен арадағы келісімдерді айтуға болады.

Бізде қанша мемлекетпен осындай келісімшарттар жасалды? Бұл келісімшарттар қаншалықты жұмыс істеп жатыр? Алда қандай жоспарларыңыз бар? Егер бұндай келісімшарттар болса, олар елімізге қандай нәтижелерін берді? Бұл келісімдер қағаз жүзінде қалып қоймай ма? Рақмет.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстан осындай екіжақты инвестициялық келісімшартты 49 елмен жасаған болатын. Бұл келісімдер Қазақстанға инвестицияның келуіне ықпал етеді. Осы жылдың соңына дейін Сауд Арабиясы Корольдігімен де осындай келісімге қол қою жоспарлануда. Италия мемлекетімен арадағы осындай келісімді мемлекетішілік рәсімнен өткізіп жатырмыз. Сондай-ақ келісім мәтіні бойынша Түрікменстан елімен келісіп, сол елге нота жібергенбіз, соған жауап күтудеміз.

Енді бұндай келісімдердің Қазақстанға ықпалы жөніндегі мәселеге келсек, расында да, Қазақстан инвестицияларды тарту бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде бірінші орында тұр. Құйылған инвестицияның 61 пайызы Қазақстанға тиесілі. Мысалы, былтыр инвестицияны 28 миллиард доллар рекордтық сомасына жеткіздік.

ТӨРАҒА. Депутат Шүкіжанова Динара Аманжелқызы.

ШҮКІЖАНОВА Д.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемая Назира Нуртулеуовна! Согласно сведениям, предоставленным Вашим ведомством, еще в 2008 году между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар было подписано соглашение с аналогичным предметом регулирования. Закон о его ратификации так и не был принят. В 2017 году работа по ратификации указанного соглашения была возобновлена, но закон опять не был принят. Прошло 15 лет, а воз и ныне там.

У меня два вопроса:

- 1) почему соглашение 2008 года не было ратифицировано;
- 2) насколько кардинально и концептуально изменено по содержанию данное соглашение в отличие от первого? Или это концептуально новый документ?

НҰРБАЕВА Н.Н. Спасибо за вопрос.

Действительно, первоначально соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Катар было заключено в 2008 году. После этого Министерство национальной экономики проводило процедуры по ратификации, однако в 2010 году, как вы знаете, Казахстан проходил процедуру вступления в ВТО, необходимо было провести работу по проверке соответствия нормам ВТО и позиций Казахстана в целом в отношении предоставления благоприятного режима иностранным инвесторам.

Кроме того, надо отметить, что Национальный Банк совместно с Министерством финансов принял новую политику в отношении проверки платежей на предмет финансирования терроризма. Здесь тоже необходимо было убедиться, что нормы в данном соглашении могли устанавливать возможность для такой проверки.

В 2022 году, соответственно, при государственном визите Эмира Катара в Казахстан соглашение было подписано уже в новой редакции в связи с тем, что были такие изменения. С тех пор проводится процедура ратификации, и сейчас на ваше рассмотрение выносится этот вопрос.

ТӨРАҒА. Микрофон депутата Шукижановой включите, пожалуйста. Второй раз.

ШҮКІЖАНОВА Д.А. Вы на первый вопрос ответили. Второй вопрос: насколько концептуально и радикально отличается данный документ?

НҰРБАЕВА Н.Н. Второй документ практически был создан заново. Это не правки к первому документу, вместе с представителями государственных органов Государства Катар в ходе переговоров была достигнута договоренность, что документ будет составлен фактически заново. Конечно, есть различия между первым и вторым договорами.

ТӨРАҒА. Депутат Керімбек Болат Бақбергенұлы.

КЕРІМБЕК Б.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым баяндамашыға.

Өзіңізге белгілі, инвестицияның ең танымал түрі – жылжымайтын мүлікке инвестиция салу. Бүгінгі күні еліміздің азаматтары жылжымайтын мүлік сатып алуда.

Біздің азаматтарымыздың Қатарда жылжымайтын мүлікке инвестиция салу деңгейі қандай? Егер жаппай инвестиция салып жатса, осы келісім ратификацияланғаннан кейін Қатардағы отандастарымыздың инвестициялары қалай қорғалады?

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстанға инвестицияларда тартуда Сыртқы істер министрлігі уәкілетті орган болып табылады. Дегенмен қазақстандықтардың қай елге қандай мөлшерде, қандай секторларға инвестиция құятыны жайында бізде ақпарат жоқ. Бұл ақпарат Ұлттық Банкте болуы керек, менің ойымша, ол бар, бірақ құпия ақпарат болып табылады.

Келісімнің негізінде қазақстандықтардың инвестициясын қорғау мәселесі жөнінде. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсынымы бойынша инвесторларға үш қағида ұсынылады.

Біріншіден, жергілікті инвесторлардың жұмыс істеуі үшін қандай ұлттық режим қолданылса, шетелдік инвесторларға да тура сондай режим ұсынылуы.

Екіншіден, егер сұрақтар, дау туындап жатса, халықаралық арбитражға жүгінуге қолжетімділігі.

Үшіншіден, экспроприация немесе ұлттандыру мәселесі туындаса, сол мүліктің нарықтық бағасын өтемақы ретінде төлеуі.

Осындай үш қағида Сингапурмен де, Қатармен де арадағы келісімдерде бар.

ТӨРАҒА. Депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Назира Нұртілеуқызы, сіз жаңа өз баяндамаңызда келісім «қолшатыр» сипатқа ие дедіңіз, яғни «қолшатыр» деген бір жақсы терминді келтірдіңіз. Біз ондайды бірінші рет естідік. Ол дипломатиялық тілде қандай термин? Осыны түсіндірсеңіз.

НҰРБАЕВА Н.Н. Бұл дипломатиялық термин емес, негізі құқықтық термин. Оның мағынасы «рамочное» дегенді білдіреді, яғни жалпы негіздер ғана беріледі. Мұндай шарттар басқа келісімде де келуі мүмкін. Яғни, бұл жалпы негіздер мен жалпы қағидаларды бағыттаушы келісім.

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлы.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Назира Нұртілеуқызы, комитетте бұл мәселені талқылаған кезде сізге сұрақтар қойғанмын. Енді сол сұрақтарды басқаша қояйын.

Келісімнің 5-бабы 2-тармағында «экономиканың сезімтал салалары» деген ұғым қолданылады. Бұл қандай салалар? Ол ертең еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтірмей ме?

Кезінде 2020 жылы Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірлігі арасында тура осындай келісімшарт жасалған болатын, бірақ ол еліміздің экономикасына үлкен нұқсан келтірді. Бұндай жағдай қайталанбай ма? Ол қандай сезімтал сала? Мысалы, бізде ауыл шаруашылығы саласында жер саласы, энергетика саласы өте сезімтал. Бұл салаларға Қатардың инвестициялары тартыла ма? Ертең ол Қатар меншігіне өте ме, өтпей ме? Мені осы мәселелер толғандырады. Рақмет.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрақтарыңыз өте маңызды. Келісемін. Сезімтал сектор біз қол қойған 49 келісімнің бәрінде бар. Бұл халықаралық келісімдерде қалыптасқан практика. Осындай сезімтал секторлардың тізімі Қазақстанда ғана емес, жалпы, әр мемлекеттің ұлттық заңнамасы шеңберінде қарастырылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда бірнеше салаға шетелдік инвестицияның шектеулері бар. Мысалы, әуе көлігі саласындағы компания акциясының шетелдік инвесторлардағы үлесі 49 пайыздан аспауы керек. Сондай-ақ банк саласында да солай, яғни оффшорда орналасқан компаниялардың банкті немесе сақтандыру саласындағы компанияларды бақылауына, олардың акцияларын ұстауына болмайды. Осындай сезімтал салалар бар. Бізге келген инвесторлар осы заңнамалық шектеулерді сақтауы керек.

ТӨРАҒА. Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым баяндамашыға.

Бірінші. Бұл келісім Қазақстан мен Қатар арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау деп аталады. Өздеріңізге белгілі, қазір Қазақстан шетелге заңсыз кеткен капиталды қайтару жөнінде жұмыс атқарып жатыр.

Бірінші сұрақ. Осы келісімшарттың аясында басқа елден ескі Қазақстан өкілдерінің заңсыз алып кеткен капиталы Қазақстанға қайтып жатқан жоқ па?

Екінші сұрақ. Бүгінгі таңда Қазақстанның сыртқы қарызы жалпы ішкі өнімнің 25 пайызына жетті. Сіздер шетелден Қазақстанға қаржы әкелген кезде несие мен инвестицияның аражігін қалай ажыратасыздар? Рақмет.

НҰРБАЕВА Н.Н. Шетелге заңсыз шығарылған капитал, өзіңіз білетіндей, ол Бас прокуратура басқарып отырған комиссияның мәселесі болып табылады. Біз бұл келісіммен шетелдік «ақ» инвестицияны тарту мәселесін қарастырып жатырмыз. Ал инвестиция жасырын ба, жасырын емес пе деген мәселе аталған комиссия шеңберінде қарастырылу керек деп ойлаймын.

Сыртқы қарыздың өсуі және оның Қазақстанға ықпалы жөнінде. Жалпы, мен Қатар мемлекетінен келетін инвестициялардың тізімін айта аламын, ол алты жоба бойынша. Инвесторлардың капиталы немесе банктер алатын қарыздар мемлекеттің қарызы болып саналмайды, бұл жеке бизнестің алатын қарызы, оны өздері өтейді.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Назира Нұртілеуқызы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім Қазақстан мен Қатар арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуымен тұспа-тұс келгендіктен өте өзекті екенін атап өткім келеді. Осы жылдар ішінде екі ел арасында тиімді мемлекетаралық ынтымақтастық пен сындарлы саяси диалог орнады.

Биылғы жылдың 5 қазанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад әл-Танимен телефон арқылы сөйлесу барысында Қатар Мемлекеті еліміздің араб әлеміндегі стратегиялық серіктестерінің бірі екенін ерекше атап өтті.

Шын мәнінде Қазақстанның Қатармен ынтымақтастығының әлеуеті зор. Бізде Қатар үшін қызығушылық танытатын үлкен көлемдегі өнімдер бар, мысал ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін айтуға болады, ал өз кезегінде Қатардың экономикамызға инвестиция салуға мүмкіндігі бар.

Өткен жылдың қазан айында Қатар Әмірінің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында бүгін біз қарастырып отырған келісімге қол қоюы Қазақстанның Қатармен достық әрі тиімді өзара іс-қимылының айқын дәлелі болды.

Осы келісімді ратификациялау арқылы Қазақстан инвестициялар ағынын әртараптандыру және жаңа өткізу нарықтарына қол жеткізу сияқты артықшылықтарға ие болады.

Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші уағдаласушы елдің инвесторларын көтермелеп, оларға қолайлы жағдай жасайды. Уағдаласушы елдердің кез келгенінің инвесторлары жүзеге асырған инвестициялар әділ әрі тең құқылы режимді пайдаланады, сондай-ақ екінші уағдаласушы мемлекеттің аумағында толық қорғалып, қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Келісімге сәйкес қабылдаушы тарап пен екінші уағдаласушы елдің инвесторы арасындағы кез келген дау бейбіт жолмен шешілуі тиіс.

Бүгін баяндамашы егжей-тегжейлі баяндап, бізді қызықтырған сұрақтарға жан-жақты жауап берді. Сондықтан заң жобасының негізгі ережелерінің әрқайсысына тоқталуды орынсыз деп санаймын.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы жұмыс тобының және Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырыстарында қаралды. Жан-жақты талқыланып, әзірлеушіге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынды.

Баяндалғанды ескере отырып, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті заңды қабылдау және оны Парламент Сенатының қарауына жіберу туралы ұсыныс енгізеді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Егізбаев Серік Рахметоллаұлына беріледі.

ЕГІЗБАЕВ С.Р. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Уважаемый Ерлан Жаканович, уважаемые коллеги! Для нашей республики важно углубление всестороннего сотрудничества с Государством Катар – надежным и важным партнером нашей страны на международной арене.

За годы сотрудничества наших государств подтверждена взаимная приверженность к открытому политическому диалогу и дальнейшему укреплению активного торгово-экономического, инвестиционного и культурно-гуманитарного сотрудничества. Сегодня уже реализуется ряд меморандумов о сотрудничестве, налажено прямое авиасообщение «Алматы – Доха» с интенсивностью семь рейсов в неделю. Достигнута договоренность об увеличении числа рейсов до 28.

Для нас важным является активизация торгового сотрудничества. Так, казахстанские производители мяса и другой пищевой продукции заинтересованы в экспорте своих товаров на рынок Государства Катар. Наши производители имеют полную возможность поставлять в Катар премиальный сегмент продовольственных товаров, таких как икра, рыба, мед и другое.

Кроме того, между нашими странами существует значительный потенциал сотрудничества в энергетической сфере. Казахстан ставит серьезные задачи по увеличению ресурсной базы товарного газа и производству продукции с высокой добавленной стоимостью путем развития газопереработки и газохимии, а также строительства заводов по производству сжиженного природного газа.

Рассматриваемое сегодня Соглашение о поощрении и взаимной защите инвестиций между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар как раз направлено на создание благоприятных условий для инвестиционной деятельности, приток иностранных инвестиций, улучшение деловой среды, что в итоге положительно повлияет на экономическое благосостояние наших стран.

Ратификация данного соглашения станет важным шагом в углублении всестороннего сотрудничества Казахстана с Катаром на международной арене.

На основании изложенного предлагаю поддержать законопроект и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Нұрбаева Назира Нұртілеуқызына беріледі.

НҰРБАЕВА Н.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Инвестициялық, экономикалық ынтымақтастық екі ел арасындағы байланыстарды нығайтудың маңызды аспектісі болып табылады.

Сингапур Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жетекші серіктестерінің бірі және әлемдегі жетекші қаржылық хабтардың бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта инвестиция саласында екіжақты қарым-қатынастардың белсенді дамуы байқалады.

Қазақстан экономикасын дамыту үшін Сингапур инвестицияны тиімді басқарудың тәжірибесі мен технологиясын ұсына алады.

Осы келісім тараптардың аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде инвесторлардың саяси тәуекелдерге қарсы құқықтарының халықаралық құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа айтып өткенімдей, келісім инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде инвесторлардың құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету арқылы ынтымақтастықтың құқықтық негізін құруды көздейді. Сонымен қатар:

өтемақы төлеуді қамтамасыз ету арқылы экспроприациядан қорғауды;

халықаралық арбитражға қол жеткізуді;

инвестицияларға қатысты елдердің әділ және тең қатынасын қамтамасыз етеді.

Келісім ратификацияланған жағдайда оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды және республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Депутат Әбдиев Ерлан Тұрсынбайұлы.

ӘБДИЕВ Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым баяндамашыға.

Құрметті Назира Нұртілеуқызы! Келісімге 2018 жылғы қарашада қол қойылған. Үкімет бұны Парламент Мәжілісіне ағымдағы жылдың 2 қарашасында енгізді. Неге келісімді арада бес жыл өткеннен кейін ғана ратификацияға ұсынып отырсыздар?

Сондай-ақ халықаралық шарттағы нормалар бүгінгі күні қаншалықты өзекті?

Келісім ратификацияланғаннан кейін Қазақстан үшін қандай перспектива ашылады, яғни сингапурлық инвесторларының қатысуымен қандай жобалар іске асырылады немесе қазір қандай жобалар іске асырылуда? Рақмет.

НҰРБАЕВА Н.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Келісімге 2008 жылы қол қойылды. Содан бері бірнеше мемлекеттік орган келісімді ратификациялау процедураларын өткізді. Басында Ұлттық экономика министрлігі Мәжіліске бұл келісімді ратификациялау үшін 2021 жылы енгізген болатын, бірақ қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің арасында айырмашылық болғандықтан құжат қайтадан пысықталуға қайтарылды.

2021 жылы желтоқсан айында осындай келісімдерді ратификациялауды қарастыру Сыртқы істер министрлігінің уәкілеттілігінде болды. Біз Мәжілістің пысықтауға жіберген тапсырмаларын жұмысқа алып, төрт айдан кейін Сингапур мемлекетіне мәтінді жібердік. Сингапур бұл құжат бойынша бір жылдан кейін бізге жауап берді, біз осы келісімнің мәтініне келісеміз деген нотаны алдық. Сол нотадан кейін біз осы құжатты ратификациялау үшін сіздерге ұсынып отырмыз.

Қандай инвестициялар құйылады, қандай жобалар қарастырылып жатыр дегенге келсек, қазір екі жоба іске асырылып жатыр. Ол Жамбыл облысында цемент зауытын салып жатқан «Compact Metal Industries» деген компаниясы шамамен 130 миллион доллар болатын жобаны іске асырып жатыр. Сонымен қатар Жетісу облысында еритін кофе өндіретін өндіріс қолға алынуда.

Жалпы, перспективалық жобалардың саны көп. Енді олардың сомасы бес-алтыдан асады. Солардың ең үлкенін «Indorama» компаниясы тыңайтқыш шығаратын компаниялардың лидері болып саналады. «Indorama» компаниясы Қазақстанда фосфор қышқылын өндіретін зауытты салмақшы. Сондай-ақ, өздеріңіз білетіндей, PSI холдингі де көлік транзиті саласында дүниежүзі бойынша лидерлердің бірі болып саналады. Ол «Қазақстан темір жолымен» бірге серіктестік құрып, цифрлық платформаны құрмақшы және Қазақстанның транзиттік потенциалын өсіруге біраз жобаларды іске асырып жатыр.

ТӨРАҒА. Депутат Пономарев Сергей Михайлович.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рәкмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемая Назира Нуртулеуовна! В соответствии с пунктом 2 статьи 4 соглашения каждая сторона оставляет за собой право определять чувствительные секторы экономики и другие, связанные с этим, виды деятельности, которые будут ограничены или, может быть, даже исключены из сферы действия настоящего соглашения.

Скажите, пожалуйста, в каких сферах экономики мы не предполагаем участия сингапурских инвесторов? Есть ли вообще перечень сфер экономики, где Вы считаете нежелательным участие иностранных инвесторов?

НҰРБАЕВА Н.Н. Этот вопрос схож с тем вопросом, который уже задавали, в части изъятий из этого соглашения.

Действительно, здесь есть отдельная статья, которая говорит о том, что стороны могут устанавливать чувствительные секторы для своей экономики, для каждой стороны это могут быть абсолютно разные секторы. Для Казахстана те секторы, которые являются чувствительными, где не приветствуются, более того, существуют запрет либо ограничения для иностранных инвестиций, установлены национальным законодательством. Таких секторов достаточное количество, помимо транспортного сектора, где есть ограничения в отношении воздушных перевозок, есть ограничения по морским перевозкам и требования в отношении установления флага казахстанской регистрации. Соответственно, определенные услуги могут оказывать только национальные компании.

Есть также требования в отношении регистрации финансовых учреждений, в отношении владения долями или акциями финансовых учреждений. В отношении охранных организаций существует запрет владения СМИ (владение не более 20 процентов).

Таких ограничений в каждом отраслевом законодательстве много, они есть, эти ограничения будут полностью соблюдаться иностранными инвесторами, потому что такое соглашение, которое сейчас представлено на ратификацию, не дает каких-либо норм, которые позволяют ограничения, установленные законодательством, нивелировать либо убирать, поэтому национальное законодательство здесь будет превалировать.

ТӨРАҒА. Депутат Дементьева Наталья Григорьевна.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рәкмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым Жоғарғы Соттың және «Астана» халықаралық қаржы орталығының өкілдеріне.

Келісімнің 3-тарауының 1-бөлімі тарап пен екінші тарап мемлекетінің инвесторы арасындағы дауларды қарау тәртібін регламенттейді.

Осы бөлімнің 12-бабында дау ұлттық соттарға, егер оларда осындай даудың юрисдикциясы болса, сондай-ақ халықаралық соттарға ұсынылуы мүмкін екендігі көзделген.

Біздегі қандай ұлттық соттарда осындай дауларды қарау юрисдикциясы бар, сондай-ақ осы даулар «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотында қаралуы мүмкін бе?

Келесі мәселе бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығы өкілінің ақпарат беруін сұраймын. «Астана» халықаралық қаржы орталығы құрылған кезден бастап неше сот ісі осы орталық сотында қаралды?

ТӨРАҒА. Жоғарғы Сот өкілінің микрофоны қосылсын.

БАЙТІЛЕСОВ Н.Т. Құрметті Наталья Григорьевна, сұрағыңызға рақмет.

Қаралып отырған келісім инвесторлардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Еліміздің Азаматтық процестік кодексі бойынша инвесторларға байланысты даулар Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады. Ал егер мемлекеттік органның іс-әрекетіне шағым берілсе, онда ол Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес Астана қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында қаралады.

Және Азаматтық процестік кодекстің нормаларына сәйкес тараптардың келісімі бойынша даулар «Астана» халықаралық қаржылық орталығы сотында қаралуға жатады. Рақмет.

ТӨРАҒА. «Астана» халықаралық қаржы орталығы өкілінің микрофоны қосылсын.

КЕЛБЕТОВ Д.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Конституциялық заңға сәйкес екі тарапқа келісім бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотында істерді қарастыруына болады. Бүгінгі күнге дейін «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотында 91 сот ісі қарастырылды.

Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Назира Нұртілеуқызы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы депутат Сарым Айдос Әміроллаұлына беріледі.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Төраға.

Ардақты әріптестер! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осындай алмағайып геосаяси күрделі заманда экономикалық жолдарымызды әртараптандыру, жаңа бағыт іздеу, көптеген жаңа инвестиция тарту туралы нақты тапсырма берген болатын.

Осы бағытта, өздеріңіз білесіздер, кеше ғана Республикалық инвестициялық штаб та құрылды. Бүгін қабылданып жатқан заңдар осы үдерістерді ары қарай жалғастыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Назарларыңызға, менің ойымша, аса маңызды инвестицияларға жол ашатын құжат ұсынылып отыр.

Азиялық Швейцария аталған Сингапур әлемдік сауда, бизнес, қаржы, инвестиция орталығы болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін Сингапур инвестициялары 1,5 миллиард доллар болса, өзара сауда айналымымыз 2 миллиард доллардан жақындап қалды. Бұның барлығы да болашақтағы біздің арақатынастарымызды одан әрі дамытуға зор мүмкіндігі, потенциалы бар екенін растайды.

Қаралып отырған заң жобасын Үкімет ағымдағы жылғы 2 қарашада Парламент Мәжілісіне енгізді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялауды көздейді.

Сингапур мемлекеті қажетті мемлекет ішіндегі процедураларды, рәсімдерді қабылдады, енді кезек біздікі.

Келісімнің негізгі мақсаты екіжақты инвестициялық, экономикалық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру және түпкі негізінде екі мемлекеттің де азаматтарының әл-ауқатын арттыру болып табылады.

Осы мақсаттарда келісімде екі мемлекеттің инвесторлары үшін ұлттық режим мен барынша қолайлы режим айқындалады, залалдар үшін өтемақы мен аударымдарды жүзеге асыру шарттары, төлем балансын қорғау және суброгация үшін шектеулер белгіленеді. Сонымен қатар келісімде тараптар салынған инвесторларды мемлекет меншігіне алмайды, экспроприацияламайды және мұндай жағдайлар туындағанда өзара шарттар арқылы келісім, ымыра арқылы шешетін болады.

Келісім инвесторлар арасындағы дауларды, сондай-ақ тараптар арасындағы дауларды реттеу жолдарын анықтаған.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 8) тармақшасына сәйкес бұл келісім ратификациялауға жатады.

Мәжілістің тұрақты комитеттері мен Мәжіліс Аппаратының Заңнама бөлімі бұған өзінің оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы депутаттардың, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы мен комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды, талқыланды.

Келісімді зерделеу барысында оның мәтінінде нормалардың құқықтық мағынасын өзгертпейтін, оған теріс әсер етпейтін редакциялық сипаттағы қателер анықталды. Заң жобасын әзірлеуші Сыртқы істер министрлігі бұл кемшіліктерді Сингапур тарапымен нота алмасу арқылы жоюға өзіне міндеттеме алды.

Айтылғандарды ескере отырып, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды қабылдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынып отыр.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасында тұрақты достық қатынастар орнаған және олар экономикалық байланыстарды, мәдениет саласында қарым-қатынасты және саяси диалогты тереңдетуге бағытталған.

Бұған Сингапур Президенті Халима Якобтың жақында мемлекеттік сапармен Қазақстанға келуі дәлел бола алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әріптесімен кездесу барысындағы алғысөзінде Қазақстан-Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық басты орын алатынын атап өтті.

Қазақстанда Сингапур капиталының қатысуымен 140-тан астам заңды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер тіркелген. Қазақстан экономикасына салынған Сингапур инвестициялары 1,4 миллиард доллардан асты. Өзара сауда көлемі шамамен 2 миллиард АҚШ доллар болды.

Мемлекет басшылары экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері бойынша пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы қаласының маңында G4 City агломерациясын салу жөніндегі бірлескен инвестициялық жобаны іске асыру, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту барысы туралы айтылды.

Сонымен қатар президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Белдеулер және жолдар» бастамасын ұштастыру шеңберінде өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективаларын да қарастырды.

Қаралып отырған келісімді қабылдау көзделген жоспарларды іске асыруға ықпал ететін болады, өйткені ол инвестицияларды көтермелеу және қорғау бойынша құқықтық кепілдіктер беру арқылы екі елдің инвесторларына қолайлы жағдайлар жасайды.

Қазақстанның инвестиция тартуда айтарлықтай тәжірибесі бар екенін атап өту қажет. Осыған ұқсас келісімдер бірқатар елдермен, оның ішінде Египетпен, Кувейтпен, Катармен, Австриямен және басқа да елдермен жасалды.

Сингапур инвестициялық тартымдылық, бизнесті жеңіл жүргізу бойынша және халықаралық рейтингтердегі көптеген үздік позициялар бойынша да әлемде көшбасшы орынға ие. Сингапурдағы бизнес-жобаларға салынған инвестициялар қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді, ал ұлттық заңнама басқа елдердің инвесторларының мүдделерін барынша ескереді.

Құрметті әріптестер, келісім Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатына сәйкес келеді, екі ел арасындағы экономикалық қатынастарды нығайтудағы маңызды қадам болып табылады, технологиялар мен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ жаңа инвестициялардың келуіне ықпал ететін болады.

Осы айтылғандарды ескере отырып, қаралып отырған заң жобасын қабылдау туралы ұсынысты қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутат жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 89, «қалыс қалғандар» – 1, «дауыс бермегендер» – 1. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Есқараев Азамат Несіпбайұлына беріледі.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасы енгізілді.

Келісімнің мақсаты құпия өнертабыстар туралы мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз ету, бұрынғы КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру тәртібін айқындау болып табылатын.

Келісімнің ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде қолданылу мерзімінің барлық кезеңінде КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге бірде-бір өтініш берілмеген. Сондай-ақ құпия өнертабыстарды құпиясыздандырудың бірде-бір жағдайы тіркелмеген.

Сонымен қатар өнертабыстарды қорғау мерзімі 20 жылды құрайтынын атап өткен жөн. Бүгінгі күні КСРО-да жасалған барлық өнертабыстар бойынша қорғау құжаттарының әрекет ету мерзімі өтіп кетті.

Осыған байланысты ТМД Атқару комитетімен келісімді маңыздылығының жоқтығына байланысты қолданысын тоқтату туралы мәселе көтерілді.

Қазақстан Республикасы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға 2020 жылғы 8 желтоқсанда қол қойды.

Келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды және мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Депутат Әлішев Қазыбек Құрманғалиұлы.

ӘЛІШЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Менің Әділет министріне сұрақтарым бар.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы! Келісімнің өзі ТМД мемлекеттерінде бұрын Кеңес Одағы кезінде ойлап табылған өнертабыстар туралы мәліметтердің құпиялығын сақтау мақсатында жасалғаны мәлім.

Қазіргі таңда біздің елімізде Кеңес Одағы кезінде ойлап табылған әрі құпияланған өнертабыстар бар ма? Және келісімнің күшін жою туралы заң қабылданған кезде біз олардың ашықтығын қамтамасыз ете аламыз ба?

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Қазақстанда Кеңес Одағы кезінде ойлап табылған құпия өнертабысы жоқ. Өнертабыстардың қолданылуы және қорғалу мерзімі 20 жылды құрайды. Сондықтан Кеңес Одағы кезінде ойлап табылған өнертабыстың қорғалу мерзімі өтіп кеткен. Соған байланысты құпиясыздандыру рәсімін өткізудің ешқандай қажеттілігі жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Азамат Несипбаевич! У меня есть некоторые моменты, которые я хотел бы прояснить.

Например, изобретатель подал заявку в экспертную организацию на выдачу патента на свое изобретение. Потом в дальнейшем выясняется, что это изобретение подлежит засекречиванию. В этой связи есть несколько вопросов.

Первый вопрос: какова процедура засекречивания данного патента?

Второй вопрос: кто становится собственником в случае засекречивания этого изобретения?

Третий вопрос: получит ли изобретатель вознаграждение, ведь изобретение требует каких-то определенных материальных затрат, сил и времени? Спасибо.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Спасибо за вопросы.

Согласно действующему законодательству в случае установления экспертными организациями сведений, составляющих государственные секреты, Министерство юстиции образует Межведомственную комиссию по секретным объектам промышленной собственности с привлечением специалистов соответствующих государственных органов. В этом случае секретные изобретения являются государственной собственностью.

При этом необходимо отметить, что вознаграждение за изобретение в случае его засекречивания изобретатель получает в рамках договора, заключаемым им с соответствующим государственным органом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым әріптесім Қазбек Әлішевтің сұрағының жалғасы және ол Әділет министріне.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы! Сіз баяндамаңызда келісім қолданылған кезең ішінде Кеңес Одағында іс жүргізу аяқталмаған және қорғау құжатының қолданылу мерзімі бітпеген құпия өнертабыстарға қорғау құжаттарын беру туралы бірде-бір өтініш берілмегенін атап өттіңіз. Сонымен қатар құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру жағдайы да тіркелмеген.

Осыған байланысты менде құпия өнертабыстарды құпия ету және құпия етпеу мерзімдеріне қатысты сұрақтар туындайды.

Келісімде өнертабыстарды құпияландыру мерзімдері қарастырылған ба? Егер қарастырылса, нақты мерзімін атап өтсеңіз.

Біздің заңнамада құпияландырудың қандай мерзімдері көзделген?

Сонымен қатар құпиялылық мерзімі өткеннен кейін өнертапқыштың қандай құқықтары болады? Оның авторлығы таныла ма және ол мемлекеттік өнертабыстар тізіліміне енгізіле ме?

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Рақмет.

Келісімде құпияландыру мерзімдері көзделмеген. Ұлттық заңнамаға сәйкес құпияландыру мерзімі 30 жыл. 30 жылдан кейін, яғни өнертабыс өнімдерін құпияландыру мерзімі өткеннен кейін патент иесі патенттік заңнамаға сәйкес бізге өтініш береді және патенттік заңнамамен оның құқы қорғалады. Егер оның патенттік құқығы белгіленетін болса, ол өнертапқыш ретінде патентке ие болады және сәйкестік тізімге енеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Серіков Таңсәуле Ғабдыманапұлына беріледі.

СЕРІКОВ Т.Ғ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

За время действия соглашения в государствах-участниках СНГ не было подано ни одного ходатайства о выдаче охранных документов на секретные изобретения, делопроизводство по которым завершено в СССР и по которым не истекли сроки действия охранного документа. Также не было зафиксировано ни одного случая по рассекречиванию секретных изобретений. Вместе с тем не указаны причины отсутствия таких ходатайств. Мой вопрос: каковы причины?

Второй вопрос: с какими странами Казахстан заключил международные договоры на уровне республики, Правительства и государственных органов в целях обеспечения сохранности межгосударственных секретов в области правовой охраны изобретений?

ЕСҚАРАЕВ А.Н. На самом деле у нас эти вопросы урегулированы.

В части того, почему не было представлено. Не было соответствующих процедур в рамках патентного законодательства стран-участников этого соглашения, поэтому не было зафиксировано ни одной заявки.

Что касается соглашений. Такие соглашения заключаются в двустороннем порядке, прорабатываются, мы можем соответствующую информацию вам предоставить. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Азамат Несіпбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Жарқынбек Амантайұлына беріледі.

АМАНТАЙҰЛЫ Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Ұсынылып отырған заң арқылы 1999 жылғы 4 маусымда жасалған Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау көзделеді.

Келісім құпия өнертабыстар туралы мәліметтердің құпиялылық режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ КСРО кезінде авторлық куәліктер берілген құпия өнертабыстарды құқықтық қорғау және құпиясыздандыру тәртібін белгілеу мақсатында әзірленген.

Келісімнің негізгі мақсаты КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін тиісті мәліметтердің құпиялылық режимін қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты келісімнің қолданысын тоқтату орынды шара деп санаймын және бұл ұлттық құқықтық базада өзекті емес халықаралық шарттардың болмауына мүмкіндік береді.

Келісімнің қолданысын тоқтату туралы шешім келісімде айтылған ережелер негізінде және халықаралық құқық нормаларына сәйкес барлық қатысушы мемлекеттердің келісуімен қабылданды.

Хаттаманы ратификациялау ұлттық заңнамаға қайшы келмейді және теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Мәжілістің тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандардың негізінде заңды қабылдауды және Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Әбіл Еркін Аманжолұлына беріледі.

ӘБІЛ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған заң арқылы 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысы тоқтатылады.

Бүгінгі таңда елімізде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз етудің барлық құқықтық мүмкіндіктері бар. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заң, Қазақстан Республикасының Патент заңы, Әділет министрлігінің бұйрығымен бекітілген Өнеркәсіптік меншіктің құпия объектілерін пайдалану қағидалары секілді нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру, қорғауды қамтамасыз ету және құпиясыздандыру мәселелері толығымен регламенттелген. Біз өнертабыстардың шығарылған жері мен жасалған кезеңіне қарамастан құпиялылығын толық қамтамасыз ете аламыз.

Ұлттық заңнама құпия өнертабыстардың сақталуын көздейтіндіктен және бұрын айтылғандай, келісімнің өзектілігі қазір жоғалғандықтан мен осы заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутат жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 89, «жақтағандар» – 88, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жолдауға көшеміз.

Сөз депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Премьер-Министр Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2021 жылғы 10 маусымда өткен Шетелдік инвесторлар кеңесінің 33-ші пленарлық отырысында Үкіметті озық технологиясы бар халықаралық компанияларда жұмыс істеген, тәжірибелі қазақстандықтарды тарту бағдарламасын іске қосу жөніндегі «KPMG» компаниясының бастамасын қолдауға шақырған болатын.

«Ақ жол» партиясының фракциясы бұл бастаманы толығымен қолдап, 2021 жылғы 30 желтоқсанда Президенттің тапсырмасының орындалу барысы туралы сауал жасады. Алайда сол сауалдағы нақты сұраққа нақты жауап ала алмаған болатынбыз.

Қазіргі кезде Қазақстаннан білімдарлардың кетуі үлкен проблемаға айналып отыр. Шетел жоғары оқу орындарында білім алып, мықты маман болып шыққан біздің дарынды жастарымызды сол елдің компаниялары тұрақты жұмыс орнымен, үлкен еңбекақымен, әлеуметтік пакетпен қызықтырып өздерінде қалдыруға тырысады.

Мысалы, Ресей университеттері мен колледждерінде қазақстандық мектептердің 70 мыңдай түлегі бар екен. Бұл көрсеткіш бойынша Ресейдегі шетелдік студенттер арасында Қазақстаннан келген жастар бірінші орында тұр. Ол жайында Ресейдің ресми тұлғалары да

мақтанышпен ашық айтуда. Егер жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандықтардың жалпы санымен салыстыратын болсақ, онда Ресейге оқуға кеткендердің үлесі 10 пайыздан асады.

Оның басты себептерінің бірі Ресей университеттерінде қазақ талапкерлерін Ұлттық бірыңғай тестілеусіз қабылдап, грант, стипендия, жатақхана беріп, ал білім алып шыққаннан кейін жұмыс орнын ұсынатындығы, тіпті азаматтық беретіні жасырын емес.

Көптеген қазақ жастары бұған қызығушылық танытуда. Өйткені Ұлттық бірыңғай тест тапсырудың өзі көптеген жылдар бойы нағыз стреске айналып кетті, күн-түн ұйқы көрмей, дайындалып, нәтижесінде тиісті балл ала алмай қалған оқушылар суицидке дейін барған фактілер де болған.

Біздің бұл көршілес мемлекетке зейін қойып отырғанымыз жүріп жатқан соғыс салдарынан демографиялық және жұмыс қолы проблемаларын шешу үшін Ресей Қазақстан жастарын өзінде қалдыруға мүдделі және бұл бағытта барынша жағдай жасауға әбден мүмкін. Бұл деген жұмыс орнымен қамтудан бастап лайықты жалақы, баспана беру, тағы сол сияқты әрекеттер.

Осы орайда «Ақ жол» демократиялық партиясы:

1) Үкімет Президенттің тапсырмасын орындау барысында мықты халықаралық технологиялық компаниялардан қазақстандықтарды қайтару жөнінде бағдарламасын қабылдады ма және сол бойынша талантты жастарымызға қандай жағдай жасалған, қанша және қандай компаниялардан жастар елге оралғандығы жөнінде ақпарат беруді сұрайды;

2) Ресей тәжірибесін пайдалана отырып, дарынды жастарды қазақстандық университеттерге Ұлттық бірыңғай тестілеусіз басқа жолымен қабылдауға рұқсат беруді ұсынады.

Тек Ресей, не басқа шетелдік университеттердің түлектерін әкелуді ғана емес, өзіміздің жастарды жұмыспен, баспанамен қамту мәселелері бойынша қандай іс-шаралар жүргізіліп жатыр?

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары Е. Бейсенбаев, А. Перуашев, Д. Еспаева, Қ. Иса, Е. Барлыбаев, А. Садықов».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Пономарев Сергей Михайловичқа беріледі.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.

«Уважаемый Алихан Асханович! Хочу поднять вопрос о самом важном – о воде. В ближайшие 15 лет Казахстан, по прогнозам ООН, испытает жесточайший водный голод. К 2050 году дефицит воды возрастет в три раза. Но эта беда случится, если не будет повышена эффективность использования и управления водными ресурсами, а она у нас сейчас на первобытном уровне, уж простите за сравнение.

Партия «АМАНАТ» к 2026 году обязалась обеспечить сельское население чистой питьевой водой. Мы к этому активно идем. Но толку вообще будет мало, если так же, как сейчас, ее будут использовать в промышленности и сельском хозяйстве.

Правительство, увы, бездействует. Отсутствуют эффективные экономические механизмы, которые стимулировали бы бизнес к активному внедрению прогрессивных

водосберегающих технологий. В стране нет инструментов, которые бы мотивировали, а где-то и заставляли бережно относиться к водным ресурсам.

Несмотря на конкретное поручение Касым-Жомарта Кемелевича Правительству по подготовке Водного кодекса, предварительный проект носит декларативный, рамочный характер и не содержит инструментов эффективного водопользования. Складывается впечатление, что Правительство по вопросам воды находится в режиме спячки. Мы заявляем: Мажилису придется всех разбудить!

Депутаты обеспокоены, что весенние паводковые воды бездарно уходят в почву, потому что мы потеряли все накопители. Вспомните, ведь раньше на многочисленных прудах и озерах, созданных для полива, народ отдыхал и даже ловил рыбу. Неслучайно Глава государства в своем Послании поручил Правительству решить вопрос накопления талой воды и снижения потерь при ее передаче.

Так, реку Рейн в благополучной Европе выпивают пять раз, там работают высокотехнологичные очистные сооружения, а у нас реки текут в никуда, лишь 3 процента воды используем повторно. В Алматинскую ТЭЦ-2 заходят две трубы метрового диаметра с чистой горной водой, она обогревает горожан и затем сливается в канализацию. В промышленности всего 30 процентов предприятий используют технологию оборотного водоснабжения. И так происходит везде, людям просто в голову не приходит, что вода не вечна.

Из Большого Алматинского канала, построенного 40 лет назад, вода льется, как из бездонного ведра, бежит мимо разрушенных лотков, превращаясь в болото. Еще хуже ситуация на канале имени Каныша Имантаевича Сатпаева. При этом, по официальным данным, из-за дырявых каналов мы теряем ежегодно почти половину влаги, лишь 14 процентов орошаемых земель поливаем с использованием водосберегающих технологий.

Между тем острейший дефицит воды давно наблюдается в Кызылординской, Жамбылской, Атырауской областях, только в Мангистау ежедневно не хватает 50 тысяч кубических метров воды.

Казахстан зависит от вод сопредельных государств более чем на 90 процентов. К 2030 году приток этих рек сократится на 11 процентов – это равно потере целого озера Балхаш. И мы можем просить воды у соседей сколько угодно, но квоты будут только снижаться, у них самих растут и население, и объем потребления.

Об отношении к воде. Задумайтесь, мы чистим зубы, при этом тратим за одну минуту 10 литров живительной влаги. Сегодня, чтобы побриться, многие из нас, не закрывая кран, выливают 50 литров воды.

Европейцы просто падают в обморок, когда видят, что мы моем автомобили чистой питьевой водой! Все в шоке, кроме нас.

Президент страны поставил задачу ввести повышенный тариф за сверхнормативное потребление воды, чтобы сформировать культуру ответственного водопотребления. Считаем, должно быть так: использовал воды сверх положенной нормы – плати за каждый литр больше.

Вместе с тем призываю неравнодушных представителей гражданского общества, волонтеров подключиться к массовой разъяснительной работе по экономии питьевой воды и формированию ответственного водопотребления у граждан страны. Если не перестанем

жить одним днем и сейчас не займемся сбережением главного ресурса, то оставим своим детям и внукам безжизненную пустыню.

На основании вышеизложенного предлагаем:

1) ответственным членам Правительства на одном из ближайших пленарных заседаний доложить об эффективности водосбережения, что предпринимается в этом направлении;

2) в кратчайшие сроки подготовить проект главного документа – Водного кодекса с конкретными механизмами водосбережения, стимулирующими аграриев и промышленников к внедрению прогрессивных водосберегающих технологий, эффективному использованию паводковых вод;

3) Минсельхозу разработать план мероприятий по ускоренному внедрению в производство влагосберегающих технологий возделывания водозатратных сельскохозяйственных культур.

С уважением, депутаты фракции «AMANAT».

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлы.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Менің алдымда сөйлеген депутат Пономарев өте маңызды мәселені көтерді. Мен оны толықтай қолдаймын. Өйткені су – өмірдің өзегі, тіршіліктің көзі. Оны тиімді пайдалану, барынша үнемдеуіміз қажет.

Әріптестер, дабыл қағатын уақыт келді. Мысалы, 2040 жылы елімізде су тапшылығы 15 миллиард текше метрді құрайды. Бұл шамамен Арал теңізіне пара-пар су. Ойлап қараңыздаршы, еліміз таза ауызсу ретінде пайдаланатын судың көлемі кемі 50 пайызға азаяды. Сонда әрбір екінші менің отандасым ауызсусыз қалады деген сөз емес пе. Ал ауызсусыз адам үш күн ғана өмір сүретін білесіздер. Бұл өте қауіпті.

Еліміздің даласы көктемде көлге айналса, жазда шөлге айналады. Бұл мәселе жыл сайын қайталанып отырса да әлі күнге осы шешілер емес. Табиғаттың бізге берген ресурсын құмға құйып жатырмыз.

Мәселен, Кеңес кезінде әрбір совхозда жауын-шашын мен қар суын жинайтын шағын су қоймалары болатын. Өйткені оның бәрі ішкі су қорымыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев су тапшылығы мәселесін дер кезінде көтеріп, арнайы 20 жаңа бөген салу мен 3,5 мың шақырымдық каналды жаңғыртуды тапсырды.

Бірақ бүгінгі Үкіметтің салғырт әрі баяу қимылынан жақын арада Қазақстандағы су тапшылығы мәселесі шешімін таппайтындай көрінеді. Оған бірнеше дәлеліміз бар.

Мысалы, ресми деректер бойынша елімізде 1 мың 478 гидротехникалық құрылғы бар. Оның ішінде 342 су қоймасы, 219 дамба, 119 су торабы, 313 тоған бар. Олардың 333-і республикалық меншікте, 895-і коммуналдық меншікте, ал ең қызығы 228-і жекеменшікте болса, 22-і иесіз қалған су қоймалары.

Су қоймалары ең басты стратегиялық нысан екенін білуіміз керек. Сондықтан еліміздегі мұндай маңызды су сақтау нысандарының көпшілігі жекешеленіп кеткендігі бізді қатты алаңдатады. Су қоймалары мен көлдердің қожайындарының не істеп, не қойып

жатқаны белгісіз. Олардың қаншалықты тозығы жетіп тұр, оны нығайту бойынша қандай шаралар қолға алынған, ол жағы да беймәлім. Жекеменшік нысан болғаннан кейін оның аумағына ешкім бас сұқпайды. Мемлекеттік бақылаудан да тыс қалуда. Ал жекелеген фактілер бойынша мемлекеттік жер кадастры базасында тіпті табиғи жолмен қалыптасқан көлдер әкімдіктермен жер телімі ретінде беріліп кеткен. Қожайындар көлдерді қоршап халықтың наразылығын тудыруда. Бұл жағдай кемінде бес-алты облыста орын алады.

Сондықтан еліміздегі осындай нысандарға толықтай түгендеме жасап, жай-күйін нақтылау, қажет болса оларды тез арада мемлекет меншігіне қайтару кезек күттірмес іс.

Мысалы, платиналардың салынғанына 30-40 жылдан асса, онда апат болу қаупі артады екен. Ал бұлардың жай-күйі қандай, қаншасының тозығы жеткен, қаншасына жөндеу жұмыстары қажет деген мәліметтер анық емес. Бұл жауапты мемлекеттік мекеме тарапынан бақылау мен мониторингтің әлсіздігін көрсетеді.

Су пайдаланудағы келесі бір маңызды нысан – каналдар. Мәліметтер бойынша елімізде шамамен 3,5 мыңдай магистралдық және шаруашылық каналы бар. Олардың жартысынан астамының әбден тозығы жеткен. Соның салдарынан 60 пайыз су құрдымға кетіп жатыр. Бұл үлкен шығын. Демек, бар судың өзін ысырап етіп дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Нағыз үнемдеу осы жерде, ағайын.

Жалпы, каналдардың кімнің иелігінде екені де анық емес. Олардың да біразы жекеменшікке өтіп кеткен. Судың сұрауын сұрайтын кез келді. Қасым-Жомарт Кемелұлының осыған ерекше назар аударып, каналдарға қатысты берген тапсырмасы өте орынды. Мен оны толығымен қолдаймын.

Бұл мәселені өткен аптада әріптесім Болатбек Нажметдинұлы да көтерген болатын. Судың жайы бәрімізді де алаңдатып отыр.

Осыған орай мәселенің маңыздылығын ескере отырып, «AMANAT» партиясы жанынан арнайы комиссия құру қажет деп есептеймін. Партияның «Жер аманаты» аясында жайылымдық жерлерді мемлекет меншігіне қайтарудағы табанды іс-әрекеті көпке белгілі. Осы тәжірибені каналдарға және су қоймаларына қатысты да қолдануға әбден болады».

Құрметті әріптестер, сіздерді осы ұсынысты қолдауға шақырамын.

Қорыта келе, аталған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, келесі шараларды қолға алуды ұсынамын.

Бірінші. Еліміздегі жеке меншікке өтіп, бірақ қараусыз қалған, жұмыстары үйлестірілмеген су қоймаларын, дамбаларды, көлдерді, бөгендерді және тағы да басқа стратегиялық маңызды су нысандарын мемлекет балансына, мемлекеттің меншігіне қайтару шараларын қолға алу, тергеу-тексеру жұмыстарын ашу қажет.

Екінші. Су ресурстарын ұтымды пайдалану.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол беріп, талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылуы тиіс деп есептеймін.

Құрметпен Мәжіліс депутаты Б. Базарбек». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Шынында да, өте өзекті мәселе көтеріліп отыр. Өткен аптада да әріптестеріміз бұл мәселені көтерген болатын. Сондықтан келесі отырыстардың біріне

Үкіметтің тиісті мүшелерін шақырып, суды үнемдеу, суды тиімді пайдалану, жалпы, су мәселелері бойынша есебін тыңдағанымыз дұрыс болады деп ойлаймын. Солай ма?

ОРНЫНАН. Дұрыс.

ТӨРАҒА. Онда, Аппарат және Үкімет өкілі, бұл жұмысты ұйымдастырыңыздар. Сөз депутат Әшімбетов Нұржан Кемерұлына беріледі.

ӘШІМБЕТОВ Н.К. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына.

«Құрметті Берік Ноғайұлы! Шетелден мал әкелу кезінде құқық бұзушылықтар Қазақстанда қайталап орын алып отыр.

Ағымдағы жылдың 24 қарашасында «AMANAT» партиясы жанындағы Аграрлық кеңесінде Павлодар облысының екі азаматының өтініші қаралды.

2020 жылы мемлекеттік мекемелер фермерлерді «Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына» шақырып, шетелден мал жеткізу операторы деп Қостанай қаласының «Агрогенетикс» компаниясын таныстырды.

Фермерлер несие рәсімдейді, «Аграрлық несие корпорациясы» тез арада 100 пайыз аталған жобаларды қаржыландырады, «Агрогенетикс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасасып, фермерлер еуропалық «Lucas Kossen Livestock GmbH» компаниясынан асыл тұқымды мал алу үшін есепшотына 100 пайыз төлем жасайды. Бірақ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылдан бері малды жеткізбейді және бұл жағдай фермерлерді сотқа жүгінуге мәжбүр етеді. Сот фермерлердің пайдасына шешім шығарды.

«Агрогенетикстің» мүлкі жоқ екеніне сәйкес соттың шешімін орындау мүмкін болмай отыр. Нәтижесінде фермерлер несиелік ұйымдарға қомақты сома қарыз болып шықты (Бейсембаев – 42 миллион, Кишев – 85 миллион теңге).

Қазіргі кезде олардың жеке мүліктері тәркіленіп, есепшоттары жабылды. Арыздары бойынша қозғалған қылмыстық істер әртүрлі себептермен тоқтатылды.

Осы жағдайларға байланысты прокурорлық назарды талап ететін бірнеше сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Фермерлердің ойынша, аталған «Агрогенетикс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мал жеткізуші операторы ретінде таңдауға лобби жасаған «Павлодар» әлеуметтік корпорациясының басшылары мен мемлекеттік мекемелер әрекеттерінің заңдылығын анықтау.

Екінші. Малды алу мен жеткізу фактісін нақтыламай, жеке несиелік мекемелер арқылы фермерлерге 100 пайыз қаражатты берген «Аграрлық несиелік корпорациясы» әрекетінің заңдылығын анықтау.

Үшінші. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігіне қылмыстық іс қозғауға тапсырма беру.

Осы өтініштерді қарау барысында шетелдік малды сатып алуда қарапайым фермерлердің мүддесін қорғауға, несиелік қаражат қай жерде отырғанын анықтауға және қайтаруға басты назар аударуларыңызды сұраймыз.

Құрметпен Мәжіліс депутаттары».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сәрсенғалиев Нұртай Аралбайұлына беріледі.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевқа және Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Асылловқа.

«Бүгінгі депутаттық сауалға әділетсіздіктің шырмауына шырмалып, шырғалаңнан шыға алмай қалған азаматтардың көз жасы себеп. Олар – Алматының әйгілі «барахолка» базарында сауда жасайтын қандастар.

Қақаған қыс пен ми қайнатар жазда, таң атысы, кеш батысы контейнерде отырып сауда жасауға мәжбүр жандарды өзін қожайын сезінген екінің бірі келіп тонап жатыр. Бізге жолдаған хатында «Кенжехан» базарының саудагерлері бар мәселесін тізіп жазған. Бүгінге дейін құзырлы орындарға қанша арызданса да, «Күштінің дүмі диірмен тартады» демекші, қаналған қаржысын қайтара алмай келеді көпшілік.

«Барахолкадағы» саудагерлерден депутаттардың атына келген мына бір менің қолымдағы арызға сүйенсек, соңғы он жылға жуық уақытта «Кенжехан» базарының иесі Назарбаева Әнипа Әбішқызы болған деп көрсетілген. Оның жанындағы адамдар базардағы әр сауда орнын 10 мың АҚШ долларына сатқан. Алайда сату-сатып алу жөніндегі келісімшартты жасамай, тек контейнердің паспортын берген. Келісімшарт талап еткен жандарды «біз базарға мәңгілік иелік етеміз, уайымдамаңдар» деп қайтарған. Саудагерлердің дерегінше, аталған базарда мыңға жуық контейнер бар. Ары қарай есебін шығара беріңіздер.

Қолда бар арыздағы ақпаратқа сүйенсек, 2022 жылдың 4 сәуірінде «Кенжехан» базарының 100 пайыз үлесі «Митра консалтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Розенберг деген азаматқа өткен. Бұл базар 640 миллион теңгеге сатылды делінеді. Жаңадан келген базар қожайындары саудагерлерге контейнерлерінді 325 мың теңгеден сатып алындар деп талап қойған. Демек, ел бір орынға екі рет ақша төлеген. Амалсыз ақшасын берген жандарға тағы да сату-сатып алу туралы құжат берілмеген, тек «келісім» қағазы тапсырылған. Айтпақшы, келісімді сол базардағы нотариусте жасауға міндеттеген, ол үшін әр саудагер тағы 43 мың теңгеден төлеген. Ол ол ма, әр контейнердің иесінен айына 50 мың 500 теңге ақы алынады деген және бір тәртіп шығыпты. Сонда адамдар контейнерді сатып алады және ай сайын жалдау ақысын төлейді. Мұны шағымданған ел айтып отыр. Төлемесе, контейнерлерді мөрлеп, жауып тастайды деп ашынады жұрт. Бұл сорақылық емес пе?! Әділетті Қазақстан құрамыз десек, әділеттіліктің әр салада орнауын қамтамасыз етуіміз керек.

Осы тұрғыда саудагерлердің үш талабы бар.

Бірінші. Контейнерге екі рет ақша төлеген жұрт бұрынғы немесе бүгінгі базар иесі ақшаны қайтарып берсін дейді. Бір сауда орнына екі рет ақша төлеу ақылға сыймайды.

Екінші. Ай сайын қосымша қаржы жинау мен жұмыс орындарын мөрлеп жауып тастауға қатысты әрекеттердің заңдылығын тексеріп, шара қолданылсын дейді.

Үшінші. «Кенжехан» базарын Алматыдағы Мемлекеттік кірістер департаменті тексерген, соның нәтижелерін Қаржы министрлігі ұсынсын.

Жыл басында Қазақстанда 722 базар тіркеліпті. Соның бәрінде заңдылық толық сақталып отыр деп айта алмаймыз. Себебі ол жақтағы саудагерлерден де арыздар келеді. Осы депутаттық сауалды дайындау барысында «барахолкадағы» «Рахат» және «Евразия» базарындағы саудагерлер де шағымдарын жеткізді. Сондықтан елдегі барлық базардағы заңдылықты тексеру керек деп есептеймін. Біз қарапайым халықты қанауға жол бермеуіміз шарт.

Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтеміз.

Құрметпен «АМАНАТ» партиясының фракция мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жұбанов Әділет Орынбасарұлына беріледі.

ЖҰБАНОВ Ә.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министр Әлихан Смайылов мырзаға.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Государственный долг, по состоянию на 1 июля 2023 года, составил 28,5 триллиона тенге.

Расходы республиканского бюджета на обслуживание долга составят к 2026 году 3,5 триллиона тенге (14 процентов от всех расходов бюджета). Такими темпами к 2030 году расходы на обслуживание долга могут составить до 49 процентов ВВП. Причем темпы роста правительственного долга значительно опережают среднегодовые темпы роста ВВП. К примеру, за последние 15 лет темпы роста правительственного долга составили в среднем 28 процентов, а ВВП – 15 процентов. Если в ближайшем будущем не предпринять мер по исправлению данной ситуации, то это вполне может привести к техническому дефолту бюджета нашей страны.

В Концепции управления государственными финансами указано о наличии 277 налоговых льгот, потери по которым за 2018 – 2020 годы составили почти 13 триллионов тенге.

Несмотря на приоритетность развития реального сектора экономики, наибольшая доля льгот приходится на финансовый сектор. Уровень налоговой нагрузки финансового сектора в Казахстане является относительно низким. Кроме того, государственная поддержка банковской системы за период с 2010 по 2020 годы составила 6,5 триллиона тенге. Для целей налогообложения эти поступления не рассматриваются в качестве дохода, что позволяет банкам выплачивать акционерам дивиденды, не платя налоги в бюджет.

За пять лет прибыль казахстанских банков выросла более чем в три раза. Если рентабельность казахстанских банков является одной из самых высоких в мире, то соотношение затрат к доходам – одно из самых низких.

Также действующая редакция льготы по освобождению от уплаты НДС предприятий, имеющих в своем составе работников-инвалидов, позволяет манипулировать данной льготой для уменьшения своих обязательств перед бюджетом. С момента ее принятия сумма освобожденных оборотов по НДС увеличилась в 16 раз – с 5,4 миллиарда тенге в 2018 году до 86,2 миллиарда тенге в 2021 году.

Отдельно необходимо отметить, что в Налоговом кодексе содержатся нормы, предоставляющие льготы индивидуального характера, что противоречит принципу справедливости налогообложения. К примеру, освобождены от уплаты корпоративного подоходного налога АО «Фонд проблемных кредитов» и частный фонд «Nazarbaev Fund».

Налоговыми льготами пользуются сеть ТРЦ «MEGA», фармацевтические компании, занимающиеся импортом лекарственных средств, при этом реализующие их по завышенным ценам. «Hyundai Trans Kazakhstan», который занимается в основном сборкой автомобилей, пользуется нулевой ставкой НДС, реализацию на экспорт производит в Узбекистан. При этом данной компанией в бюджет Узбекистана уплачено налогов на 25 миллионов долларов. Более того, эта компания, начиная с 2015 года, получила у государства свыше 160 миллиардов тенге субсидий.

В то же время много вопросов при субсидировании экспортеров через возмещение НДС. Отсутствует преимущество экспортеров товаров высокого передела перед экспортерами сырья. С 2017 по 2020 годы экспортировано на 70 триллионов тенге, из них 95 процентов – сырья, всего лишь 5 процентов – готовой продукции. Как следствие, возврат НДС не стимулирует экспортеров сырья на развитие производства в нашей стране. Например, корпорация «Казахмыс», которая с 2005 по 2021 годы возвратила НДС на сумму 543 миллиарда тенге, но не построила ни одного завода готовой продукции.

При этом крупные экспортеры имеют преимущество при возврате НДС, причем активно используют подконтрольные предприятия для схем уклонения от системы управления рисками, соответственно, уклонения от уплаты налогов.

Всего за период с 2017 по 2020 годы предъявлено к возврату НДС 4 триллиона тенге, 79 процентов которых приходится на крупные предприятия. С 2019 по 2021 годы из страны выведено валюты на сумму 9 триллионов тенге.

В связи с вышеизложенным считаем необходимым внести следующие предложения:

1) во избежание в ближайшие годы технического дефолта срочно принять меры по увеличению доходной части бюджета;

2) провести инвентаризацию действующих налоговых льгот, субсидий и других преференций, в том числе по НДС, с последующим внедрением практики их паспортизации;

3) в дальнейшем обеспечить проведение на системной основе оценки эффективности налоговых льгот, предоставления субсидий и иных преференций с выработкой решений о целесообразности их дальнейшего применения;

4) совершенствовать подходы к отнесению на вычет расходов банков второго уровня;

5) предусмотреть преференции, налоговые льготы и преимущества перерабатывающим предприятиям и производителям готовой продукции перед экспортерами сырья;

6) исключить из Налогового кодекса все нормы, предоставляющие льготы индивидуального характера.

С уважением, депутаты, члены фракции партии «AMANAT» А. Жубанов, М. Жайымбетов, Е. Жаңбыршин, М. Искандиров, С. Мусабаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Исабеков Данабек Ержанұлына беріледі.

ИСАБЕКОВ Д.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Сәтқалиевқа, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі Нысанбаевқа, «Самұрық-Қазына» басқарма төрағасы Жақыповқа.

Менің депутаттық сауалым Шымкент қаласында орналасқан Шымкент мұнай өңдеу зауыты тарапынан зауыт маңында орналасқан тұрғындарға келтіріліп отырған экологиялық залал туралы.

«Өздеріңізге белгілі, Шымкент мұнай өңдеу зауыты еліміздегі ең ірі үш мұнай өңдеу зауытының бірі және жылдық қуаттылығы 6 миллион тоннаны құрайды. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Смайыловтың Шымкент қаласына іссапары барысында айтылғандай, зауыттың жылдық қуаттылығын 12 миллион тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар зауыттың 50 пайыз акциясына Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы иелік етеді. Яғни, зауыт халықаралық компания әрі жоғары бақылаудағы жоба екені белгілі.

Тұрғындардың айтуы бойынша зауыт тарапынан экологиялық заңнама талаптары сақталмай, шамамен түнгі екі мен төрттердің аралығында улы заттардың дүркінді шығарынды (залповые выбросы) шығарылады. Сол жерде тұратын менің сайлаушыларым, атап айтқанда, Шымкент қаласы Қарабастау, Қаратөбе, Бадам, Жалын, Жұлдыз елді мекендерінің 27 мыңнан астам тұрғыны зауыттан шыққан иіске уланып, жаз уақытында үйлерінің терезесін аша алмай отырғанын бірнеше рет көтерген болатын.

Сонымен қатар, тұрғындардың айтуынша, елді мекендерде қатерлі ісік ауруы жиілеп кеткен. Бұл мәселе бойынша тұрғындар жергілікті билік өкілдерімен бірнеше рет кездескен. Мәселе шешімін таппаған, тіпті тиісінше қаралмаған.

Осы тұрғындардың жанайқайы қайта-қайта әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында айтылуда.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының өзекті басымдығы ретінде ауаны ластап отырған өнеркәсіптердің теріс істерімен күресетінімізді әрбір сайлаушыға жеткізген болатынбыз. Осы уәдемізді орындау, халықтың аманатын арқалау – біз үшін үлкен жауапкершілік. Әр азамат лайықты өмір сүруге құқылы! Сондықтан жоғарыда аталған елді мекендер тұрғындарының орынды талап-тілектерін сіздерге жеткізіп отырмын.

Осы ретте аталған өзекті мәселені шешудің мынадай тетіктерін ұсынғым келеді:

1) зауытқа халықаралық стандарттар негізінде соңғы үлгідегі сүзгілер мен қондырғылар орнату және кешенді табиғатты қорғау іс-шаралары бағдарламасын енгізу, осы арқылы зауыттың аталған елді мекендердің, тіпті Шымкент қаласының экологиясына кері әсерін барынша төмендету, оның ішінде шекті рауалы концентрацияны асырмау және К-5 экологиялық стандарты бойынша мұнай өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету;

2) аталған елді мекендердің көрнекі орындарына ауа құрамының тазалығын көрсетіп тұратын өлшеу құралдарын орнату, сол арқылы тұрғындардың таза ауамен демалып отырғанына көз жеткізуін қамтамасыз ету;

3) аталған кәсіпорынға жергілікті экобелсенділерді тартып, тұрғындармен бірлесіп қоғамдық бақылауды ұйымдастырып, қоғамдық бақылау туралы заңына сәйкес және экологиялық заңнама талаптарын сақтау тұрғысынан тиісті тексеру жұмыстарын жүргізу және нәтижесін тұрғындарға хабарлау;

4) зауыт тарапынан экологиялық заңнама талаптарын бұзу фактілері расталған жағдайда аталған елді мекендердің тұрғындарына экологиялық өтемақы төлеу мәселесін қарастыру.

Сөзімді қорытындылай келе, осы мәселелерді өз құзыреттеріңіз шеңберінде қарастырып, шешімін табуына ықпал етулеріңізді сұраймын.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

«Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа.

«Президент Қ. Тоқаев биылғы Жолдауында: «Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі... Бұл әкімдерге де қатысты мәселе. Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс», – деп Үкіметке нақты тапсырма берді.

«Ақ жол» фракциясы бұл шешімді осы Жолдаудағы ең маңызды бастамалардың бірі деп санайды. Өйткені бұл демократия мен шенеуніктердің жеке жауапкершілігі жолындағы нақты қадам.

Мемлекет басшысы Үкімет мүшелерін Президент Әкімшілігінің қадағалауынан босатып, оларға іс-әрекет еркіндігін беріп, сонымен қатар жауапкершілікті мойнына алуды тапсырды.

Бұл шешім «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына толығымен сәйкес келеді деп білеміз, яғни Үкімет бұдан былай Әкімшіліктің емес, Президент пен Парламенттің алдында есеп беруге тиіс. Алайда Үкімет бұл тапсырманы орындауға әлі де асығар емес.

Сауатты болып көрінетін министрлер жауапты сәтте жалт беріп, Әкімшіліктен құнды нұсқауларды күтетіндігін көріп жүрміз.

Әліге дейін күрделі мәселелер тек Президенттің тікелей бұйрығынан кейін ғана қабылданады. Қарағанды шахтасындағы жарылыс немесе Алматыда хостел өрті сияқты қоғамда резонанс тудырған оқиғаларды алсақ, тағы да Президенттің өзі араласуға мәжбүр болды.

Сол сияқты Мәжіліс депутаттарының заң шығарушылық жұмысының барысында да батыл нормалар енгізілетін болса, министрліктердің өкілдері соны Үкіметтің қорытындысына жіберуді сұрап, ал сосын Президент Әкімшілігінің пікірін күту тәжірибесі жиі таралған.

Бұл Президент Жолдауындағы жоғарыда аталған тапсырмаға қайшы келеді. Сондықтан Президент Әкімшілігінің нұсқауларынан Үкіметтің жұмысын дербес ету жөнінде Мемлекет басшысының тапсырмасы оған тиісті серпін мен динамика береді деп сенеміз.

Президент өз Жолдауында атап өткендей, жаңа экономикалық саясаттың қағидаларын нақты айқындаумен қатар, әрбір министр өз саласы бойынша жауапкершілікті, ведомстволық саясатты жүзеге асыруды өз мойнына алуы қажет.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды.

1. Президент Жолдауындағы тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша Үкіметтің және Үкімет мүшелерінің шешімдері өздігінен дербес болу үшін қандай нормативтік өзгерістер енгізілді?

2. Бұл өзгерістерді іске асыру үшін қандай заңдарға (мысалы, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңға) тиісті толықтырулар керек болса, Үкіметтен осындай бастама бола ма? Егер болмаса, Мәжіліс депутаттары бұл жұмысты қолға алуға дайын.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары А. Перуашев, Д. Еспаева, Қ. Иса, Е. Барлыбаев, А. Садықов, Е. Бейсенбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Садықов Асқар Аманбайұлына беріледі.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос фракции «Ақ жол» Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.

«Уважаемый Алихан Асханович! Введенный Главой государства в 2019 году на три года и в последующем продленный еще на год мораторий на проведение проверок и профилактического контроля с посещением субъектов малого и микробизнеса в стране оказал ощутимую поддержку предпринимателям в разгар пандемии коронавируса и последующий посткарантинный период.

Благодаря данному решению Президента, малый и микробизнес в стране смог не только выстоять в этот сложный для страны и мира период, но и вновь встать на ноги.

Согласно официальным данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры, если в 2019 году малый и микробизнес был подвергнут проверкам более 128 тысяч раз, то в 2020 году их количество сократилось в пять раз. Таким образом, введение моратория стало одной из эффективных мер со стороны государства по поддержке бизнеса, направленных на усиление роли данного сектора экономики.

В то же время Глава государства в своих посланиях неоднократно требовал от Правительства принять реальные меры по поддержке среднего бизнеса.

Среднее предпринимательство, составляя всего 0,2 процента от общего числа субъектов МСБ, формирует до 20 процентов производства в данной сфере. Однако практически все меры господдержки сегодня направлены на малый и микробизнес, включая вышеуказанный мораторий на проверки.

Для поддержки среднего бизнеса практически ничего нет, поэтому даже успешные малые предприятия не хотят переходить в средний бизнес.

В связи с приближающимся сроком истечения моратория предприниматели выражают обеспокоенность о возможном возврате тех времен, когда контролирующие органы буквально кошмарили их своими проверками.

В этой связи депутатская фракция «Ак жол» предлагает рассмотреть вопрос о продлении моратория на проверки предпринимателей на 2024 год.

Кроме того, считаем целесообразным распространить мораторий на проверки также и на средние предприятия.

С уважением, депутаты фракции «Ак жол» А. Садыков, А. Перуашев, М. Еспаева, Е. Барлыбаев, К. Иса, Е. Бейсенбаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлына беріледі.

ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министр Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Жолдауында жаңа заманның мұнайына айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек деді.

Бүгінде сирек кездесетін металдар радиоэлектроника, атом энергетикасы, машина жасау, химия өнеркәсібі, металлургия сынды өнеркәсіптік салаларда пайдаланылады. Осы металл болмаса, смартфондар мен автомобильдер, жел турбиналары, тіпті әскери техника секілді басқа да технологиялық құрылғылар болмас еді. Яғни, Президентіміз айтқандай, аталған саланың әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады. Ал сирек кездесетін металды әлемдегі ірі өндіруші елдің бірі Қытай болып табылады. Онда бұл металдардың 44 миллион тонна қоры бар.

Жапонияда, Америка және Еуропа одағы елдерінде Үкімет сирек кездесетін металдың маңыздылығын түсініп, түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдауларын көрсетуде. Мұнымен қоса Қытайдан басқа елден тасымалдаудың тамаша тізбегін жасап, тіпті бақылау мен қадағалауды да жүзеге асыруда.

Ғаламдық геосаясат күрделене түссе де, жер қойнауының сирек өндірісін ғылыми-технологиялық прогресс пен еркін бәсекелестіктің арқасында табиғи жолмен дамытуда. Бұл жолда жаңа технологиялар мен инновациялық тауарлар пайда болып, үлкен компаниялардың қызығушылығын тудыратынын атап өткен жөн.

Бізде Менделеев кестесінің 100-ге жуық элементі анықталған. Ашық дереккөздердегі ақпаратқа сүйенсек, елімізде 15 кен орны бар. Алайда олардың барлығы бірдей зерделенген жоқ.

Сарапшылардың мәліметінше, елде 25 миллиард тонна техногендік қалдық жинақталған. Ондағы сирек кездесетін металдың құрамы 0,6 пайызға жетеді. Бұл кейбір кен орындарымен пара-пар, сондықтан оларды елдегі металлургияның дербес шикізат базасы ретінде қарастыру қажет. Жинақталған техногендік қалдықтардың нақты көлемі туралы ақпарат болмағандықтан, олардың кадастрын жасап, тиімді қайта өңдеу бойынша

ұсынымдар беріп, бағалау қажеттігін көрсетеді. Қазіргі уақытта елде жинақталған қалдықтардың 2 пайыз ғана қайта өңделеді.

Кеңес Одағы ыдырағанша шикізатты кешенді пайдалану көрсеткіштеріне айрықша көңіл бөлінсе, қазір ондай шаралар жоспарланбайды, тіпті бақыланбайды да. Соның салдарынан отандық кәсіпорындарда кенді қайта өңдеудің кешенділігі күрт төмендеді. Соңғы жиырма жылда елімізде кәдімгі кендерден бағалы металдарды бөлу бойынша бірде-бір жаңа өндіріс құрылмаған, тіпті бұрын жұмыс істеп тұрған көптеген кәсіпорын жабылған.

Қытайдың жетістігін қайталау үшін сирек кездесетін металдың өмірлік циклінің тұтас тізбегін құру қажет. Егер кен нарығы миллиардтарға бағаланатын болса, онда сирек кездесетін металдың тауарлар нарығы триллиондаған долларға бағаланады.

Осы айтылғандарды негізге алып, «AMANAT» фракциясы келесі мәселелерді қарастыруды ұсынады:

1) сирек кездесетін метал саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған кешенді дамыту мен стратегиялық жоспарын әзірлеп оны жандандыру, сондай-ақ инвестиция тарту жоспарын қатар дайындау, инвесторлар ағымын арттыру;

2) қатаң экологиялық стандарттарды енгізу;

3) халықаралық тәжірибені ескере отырып кадрлар дайындау мәселесін кешенді қарастыру;

4) технологиялар алмасу үшін сирек кездесетін металды өндіру және қайта өңдеу саласында әлемдік көшбасшылармен әріптестік қатынас орнату;

5) геологиялық барлауды, сондай-ақ кәдімгі кендерден бағалы металдарды бөлу жөніндегі өндірісті ынталандыру мақсатында басқа да шаралар қабылдау.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлына беріледі.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос фракции ОСДП адресован Министру просвещения.

«Уважаемый Гани Бектаевич! В последнее время в ОСДП все чаще обращаются граждане по вопросам обеспечения питанием детских садов и начальных классов школ.

Недавно обратившиеся к нам родители одного столичного детского сада жаловались на скудный рацион детей. В итоге выяснилось, что данный детский сад задолжал порядка 5 миллионов тенге поставщикам.

По данному вопросу мы обратились к руководителю Управления образования города Астаны. Он сообщил, что на данный момент в столице заведено три уголовных дела по таким случаям. Хотелось бы получить информацию в разрезе всего Казахстана.

Система подушевого финансирования, которая была принята ранее, не оправдывает себя. Если в детских садах группы не укомплектованы, соответственно, не будет хватать средств на обеспечение здорового и качественного питания для наших детей.

Но больше всего тревожит то, что подобные случаи связаны с непрекращающейся коррупцией в этой сфере. То и дело в средствах массовой информации появляется информация о задержании бухгалтеров в связи с хищением средств в сфере питания.

В школах дети жалуются на качество еды, многие просто не питаются. Изредка руководство школ обращается в родительские комитеты с просьбой прийти на проверку школьных столовых, при этом заранее готовится к посещению, выставляя на столы лучшее, что есть. А после все возвращается на круги своя.

Ситуация из года в год усугубляется, при этом складывается система взаимовыручки между руководством школы или детских садов с поставщиками. Мы не исключаем, что и чиновники органов образования также находятся в этой системе.

В этой связи требуем:

1) создать республиканскую комиссию на постоянной основе с участием общественности, родительской общественности, неправительственных организаций, политических партий по проверке организации питания, вплоть до заключенных договоров и проверки самих поставщиков;

2) дать разрешение вышеназванной комиссии посещать школы и детские сады для проверки без уведомления руководителей учебных и дошкольных заведений.

С уважением, депутаты фракции ОСДП». Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлына беріледі.

БАПИ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Бас Прокурор Берік Асыллов пен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің төрағасы Нұрдәулет Сүйіндіков мырзаларға.

«Сайланғанына осы қарашада бір жыл болған президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жеті жылдық құзыреті аясында атқарылуы тиіс программалық міндеті ретінде әлеуметтік әділеттілік орнату басты бір бағдарламалық бағыты болатынын алғашқы Жолдауында жария еткені мәлім. Ал бұл президенттік парызды орындау заңсыз жылыстатылған активтерді елге қайтаруға тікелей байланысты екенін де Мемлекет басшысы өз аузымен айтты.

Міне осы аса ауқымды міндетті орындау үшін Президент өз Жарлығымен уәкілетті орган – Активтерді қайтару жөніндегі комитет құрғанына кеше 5 желтоқсанда екі ай болды. Сол екі айдың ішінде бұл комитеттің іс-әрекеті жөнінде тырс еткен хабар жоқ. Комитеттің қызметінен қазақстандық қоғам мақұрым. Сондықтан активтерді қайтару жөнінде заң қабылдаған депутаттардың Асыллов пен Сүйіндіков мырзалардан келесі сұрақтардың жауабын білгісі келеді.

Бірінші. Ел Президенті белгілеген тапсырмаларды орындау бағытында комитет қандай күштік құрылыммен жұмыс істеп жатыр? Бүгінде комитеттің құрамында қанша қызметкер бар? Еске салайын, Президент алғашында комитеттің штаттық саны 130 адам деп белгілеген еді.

Екінші. Комитеттің шетелдік юрисдикциялармен, халықаралық іздестіру бюроларымен жұмыс істейтін бөлімінде қанша қызметкер жұмыс істейді?

Үшінші. Осы өткен екі айдың ішінде елге қайтарылған активтер бар ма? Егер болса, оның көлемі қандай? Соңғы бір ашық ақпаратқа қарағанда, сіздер «Қазақстан халқына» қорына бұған дейін түскен 850 миллиард теңгені малданып отырған жайларыңыз бар.

Төртінші. Сіздер қоғам алдында комитеттің құпия емес алғашқы іс-шараларын жария етіп, көпшілік алдында бір баспасөз-конференциясын беретін уақыт болған жоқ па.

Ұрланған активтердің елге қайтарылуын, қазынаға қанша қаржы түсерін бағып, сіздердің іс-әрекеттеріңізді аңдып отырған қоғам бар екенін ұмытпаңыздар! Ұрланған активтер елге қайтады деген халықтың әзірге үзілмеген үміті мен сенімін құлпарша қылуға сіздердің қақыларыңыз жоқ. Біз де оған жол бермейміз!

Сіздер үн-түңсіз жатқан кезде ескі Қазақстанның клептократтары ел экономикасын қайтадан басып алуға қам жасауда. Осы орайда менің қолыма жеткен ақпаратты депутаттар алдында жария етіп, ескі Қазақстанға қызмет қылмақ ойы бар мүдделі лауазымгер азаматтарға ескерту жасағым келеді. Жекелеген фигуранттардың аты-жөнін атамай, бұл ақпаратты қаз-қалпында оқып берейін.

«Касательно плана захвата и контроля над газовой отраслью. По информации из надежных источников, продолжается борьба за влияние и контроль над газовой отраслью, которая находится в центре внимания из-за долгожданных реформ, процессов монополизации, при образовании крупных прорывных проектов с «Газпромом» России и Китайской национальной нефтегазовой компанией.

Таким образом, некогда недоступная газовая отрасль, в которой многие находились под влиянием Кайрата Шарипбаева, теперь стала не только доступной для новых хозяев, но и очень привлекательной отраслью с триллионными проектами.

Такой лакомый кусок теперь интересен всем, ведь у такого проекта, как вторая нитка магистрального газопровода «Бейнеу – Бозой – Шымкент», бюджет составляет более 2 триллионов.

Новые газоперерабатывающие проекты на Кашагане и Карачагане, дальнейшая модернизация газопровода «Средняя Азия – Центр», новая фаза проекта «Сары-Арка» и другие влекут за собой особо крупные закупки и новые транзитные потоки газа.

Главным претендентом на роль хозяина является один из главных менеджеров – «КазМунайГаз», который является продуктом Тимура Кулибаева. По информации из надежных источников, этот менеджер продвигает кандидатуру Сериккали Берекешева (этот вопрос уже находится на серьезных этапах согласования) на позицию председателя компании «КазакГаз». Берекешев является креатурой Шарипбаева, был его заместителем и ближайшим соратником».

Міне, ұрланған активтерді елге қайтарады деп біз сенім артқан комитет ырғалып-жырғалып жүргенде, ескі Қазақстанның өзі бірте-бірте елге қайта бастаған сыңайлы.

Берік Ноғайұлы, Тимур Құлыбаевтың атжалмандары ұрлаған активтер жөніндегі ақпаратты сіздің өзіңізге қосымша жолдаймын. «СК Петролиум» серіктестігінен келіп түскен ақпарат «Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» консорциумынан (директоры Талғат Жұмаділдаев пен оның ұлы Абылай Жұмаділдаевқа қатысты) ұрланып, шетелге жылыстатылған 300 миллион доллар активтің қайда жатқанын көрсетіп отыр. Іздеудің қажеті жоқ, сіздер тек соны жатқан жерінен алып, елге қайтаруларыңыз керек.

Құрметті Берік Ноғайұлы! Құрметті Нұрдаулет Мықтыбекұлы! Жылыстатылған активтерді қайтару заңын қабылдаған депутаттардың алдында сіздер қашан есеп бермек ойларыңыз бар?» Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ким Вера Александровнаға беріледі.

КИМ В.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Если позволите, у меня есть несколько предложений.

Сегодня было озвучено два депутатских запроса относительно воды. Действительно, вопрос водных ресурсов важный и значительный. Безусловно, решением озвученных вопросов должны заниматься государственные органы и это их главная задача.

При этом я, как человек, занимающийся более 20 лет волонтерской деятельностью, хочу сказать о том, что поддерживаю инициативу привлечения гражданского общества и волонтеров к этим вопросам.

Более того, около 200 неправительственных организаций сегодня уже работают в направлении экологии. Теперь важно максимально эффективно направить эту деятельность для взаимного сотрудничества между государственными органами и волонтерскими организациями в решении вопросов по водосбережению.

Помимо информационно-разъяснительной работы волонтерское сообщество можно привлечь к работе по очистке водоемов, по сбору образцов для анализа качества воды, а также в качестве экспертов по продвижению водосберегательных технологий и практик.

Подобная практика взаимодействия уже существует в нашей стране, она была разработана Министерством культуры и информации и национальной волонтерской сетью. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Назаров Ардақ Құттықожаұлына беріледі.

НАЗАРОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Қазір әлеуметтік желіде оттайтындар мен боктайтындар көбейді. Кеше Түркістан облысы Сайрам ауданының азаматы бүкіл қазақ еліне және біздің Президентімізге тіл тигізді. Бұл азамат қазір шетелде.

Қазақ халқы бейбітшілікті сақтап отырған ел. Біздің елімізде тұрып жатқан азаматтар қазақ халқын басынбауы керек. Біз момын халық емеспіз, біз байсалды халықпыз.

Қазір бұл азамат шетелде екен. Оның ата-анасы кеше әлеуметтік желі арқылы кешірім сұрады. Бұлай істеуге болмайды. Ертең ол азамат елге келген кезде оған 30 күндік қоғамдық жұмыс тағайындау керек, керек болса, бірнеше күн бас бостандығынан айыру керек, өйткені бұл басқаларға сабақ болуы керек.

Айтайын дегенім осы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сонымен депутаттық сауалдарды жариялап болдық. Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 6 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О науке и технологической политике»

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам науки и технологической политики»

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы
А.Қ. АЙМАҒАМБЕТОВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по социально-культурному развитию
АЙМАҒАМБЕТОВА А.Қ. 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дипломатиялық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам дипломатической службы»

Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы
А.С. ҚҰСПАННЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по международным делам, обороне и безопасности ҚҰСПАН А.С. 2

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Государства Катар о взаимном поощрении и защите инвестиций»

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы
Н.Н. НҰРБАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад исполняющего обязанности Министра иностранных дел Республики Казахстан НУРБАЕВОЙ Н.Н. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БАҚҚОЖАЕВ А.А. 3

ШҮКІЖАНОВА Д.А. 4

КЕРІМБЕК Б.Б. 5

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. 6

БАЗАРБЕК Б.Ж. 6

САИРОВ Е.Б. 6

**Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
Б.С. ІЗМҰХАМБЕТОВТІҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным делам, обороне и безопасности ИЗМУХАМБЕТОВА Б.С. 7

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЕГІЗБАЕВ С.Р. 8

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Сингапур о поощрении и взаимной защите инвестиций»

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы
Н.Н. НҰРБАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад исполняющего обязанности Министра иностранных дел Республики Казахстан НУРБАЕВОЙ Н.Н. 9

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДИЕВ Е.Т. 10

ПОНОМАРЕВ С.М. 11

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. 11

БАЙТІЛЕСОВ Н.Т. – Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары, первый заместитель руководителя Судебной администрации Республики Казахстан 12

КЕЛБЕТОВ Д.А. – «Астана» халықаралық қаржы орталығы әкімшілігі» акционерлік қоғамының өнімдер жөніндегі бас директоры, басқарма мүшесі, главный директор по продуктам, член правления акционерного общества «Администрация Международного финансового центра «Астана»	12
---	----

**Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы
А.Ә. САРЫМНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по международным делам, обороне и безопасности САРЫМА А.Ә.	12
---	----

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С.	14
------------------------	----

«1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о прекращении действия Соглашения о взаимном обеспечении сохранности межгосударственных секретов в области правовой охраны изобретений от 4 июня 1999 года»

Қазақстан Республикасының Әділет министрі А.Н. ЕСҚАРАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра юстиции Республики Казахстан ЕСҚАРАЕВА А.Н.	15
--	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘЛШЕВ Қ.Қ.	16
РАҚЫМЖАНОВ А.Н.	16
ӘШІМЖАНОВ Ж.С.	17
СЕРІКОВ Т.Ғ.	17

**Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі
Ж. АМАНТАЙҰЛЫНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе АМАНТАЯ Ж.	18
--	----

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ӘБІЛ Е.А.	18
----------------	----

Депутат Е.А. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕЙСЕНБАЕВА Е.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	19
---	----

Депутат С.М. ПОНОМАРЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ПОНОМАРЕВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.20

Депутат Б.Ж. БАЗАРБЕКТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАЗАРБЕКА Б.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.22

Депутат Н.К. ӘШІМБЕТОВТИҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АШИМБЕТОВА Н.К. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылыову Б.Н.24

Депутат Н.А. СӘРСЕНҒАЛИЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРСЕНҒАЛИЕВА Н.А. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылыову Б.Н.25

Депутат Ә.О. ЖҰБААНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУБААНОВА А.О. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.26

Депутат Д.Е. ИСАБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Энергетика министрі А.М. Сәтқалиевқа, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Е.Н. Нысанбаевқа, «Самұрық-Қазына АҚ басқарма төрағасы Н.Қ. Жақыповқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИСАБЕКОВА Д.Е. к Министру энергетики Республики Казахстан Сатқалиеву А.М., Министру экологии и природных ресурсов Республики Казахстан Нысанбаеву Е.Н., председателю правления АО «ФНБ «Самрук-Казына» Жакупову Н.К.28

Депутат А.Т. ПЕРУАШЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ПЕРУАШЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.29

Депутат А.А. САДЫҚОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САДЫКОВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	30
--	----

Депутат М.Ж. ЖАЙЫМБЕТОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ЖАЙЫМБЕТОВА М.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	31

Депутат А.Н. РАҚЫМЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаевқа депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата РАХИМЖАНОВА А.Н. к Министру просвещения Республики Казахстан Бейсембаеву Г.Б.	32

Депутат Е.С. БАПИДІҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыққа, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің төрағасы Н.М. Сүйіндіковке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата БАПИ Е.С. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылықу Б.Н., председателю Комитета по возврату активов Генеральной прокуратуры Республики Казахстан Суиндику Н.М.	33

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КИМ В.А.	35
НАЗАРОВ А.Қ.	35

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ӘЛИЕВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА